



**Орталық Азия шекараларында баспана
іздеп жүрген адамдар мен босқындарды
анықтау және қайта бағыттау
мәселелері жөніндегі
АЙМАҚТЫҚ ҰСЫНЫМДАР**

ҰСЫНЫМДАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ҮДЕРІСІ

4 желтоқсан 2015 жылы Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Түрікменстан Республикасы Үкіметтерінің өкілдері «Қажетті қорғанысты қамтамасыз ететін Орталық Азия елдеріндегі шекараларды басқару» аймақтық конференциясы барысында кездесті. Конференция қорытындыларының бірі ретінде қатысушылар БҰҰ БЖКБ-на платформа ретінде Алматы үдерісін пайдалана отырып, баспана іздеп жүрген босқындар мен адамдарды бағыттау механизміне қатысты аймақтық ұсынымдарын жасауда жетекші рөлді иелену ұсынысын жасады.

БҰҰ БЖКБ Қазақстан Республикасына, Қырғыз Республикасына, Тәжікстан Республикасына және Түрікменстан Республикасына **«Орталық Азия шекараларында баспана іздеп жүрген адамдар мен босқындарды анықтау және қайта бағыттау мәселелері жөніндегі аймақтық ұсынымдарды»** (бұдан әрі «Ұсынымдар» немесе «Құжат») әзірлеу мүмкіндігін ұсынатын бірлескен үдерісті ұсынды.

Жоғарыда аталған мемлекеттер БҰҰ БЖКБ өткізген үш аймақтық кездесулерге қатысқан сарапшылардың делегацияларын тағайындады. Оның барысында Ұсынымдар әзірленді.

- Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында ұйымдастырылған «Сарапшылар деңгейіндегі алғашқы мәжіліс», 15 маусым 2016 жыл.
- Тәжікстан Республикасы, Душанбе қаласында ұйымдастырылған «Сарапшылар деңгейіндегі екінші мәжіліс», 26, 27 және 28 шілде 2016 жыл.
- Түрікменстан, Ашхабад қаласында ұйымдастырылған «Сарапшылар деңгейіндегі үшінші мәжіліс», 3, 4 және 5 қазан 2016 жыл.

Сарапшылар құжаттың мәтінін аяқтады. Содан кейін бұл мәтін 29 қараша 2016 жылы Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласында өткен және Қырғыз Республикасы атынан Алматы үдерісі төрағасы қолдауымен ұйымдастырылған кездесуде халықаралық қауымдастық өкілдеріне ұсынылды.

ҰСЫНЫМДАРДЫҢ СИПАТЫ МЕН МАҚСАТЫ

Мемлекеттер үшін мемлекеттер орындалуға міндетті емес сипаттағы осы ұсынымдарды әзірледі. Ұсынымдар шешім қабылдайтын лауазымды тұлғаларға және заңнама билік өкілдеріне арналған, сондай-ақ, баспана іздеп жүрген адамдар мен шекаралардағы босқындарды қорғау мәселелері жөнінде Орталық Азия мемлекеттерінің жалпы көзқарасын білдіретін беделді қайнар-көз болып табылады.

Ұсынымдар БҰҰ БЖКБ-ның Орталық Азия жөніндегі Аймақтық өкілдігінің қолдауымен жеткен Алматы үдерісі аясындағы мемлекетаралық сұхбаттың практикалық нәтижесі болып саналады.

Құжатта халықаралық қорғауды және әр құзыретте бар нақты қорғаныс шаралармен шектесетін байланысқа мұқтаж адамдарды мемлекеттердің анықтау мәселелері жөнінде нақты ұсынымдар қамтылған. Басқаша айтқанда, Ұсынымдар анықтау және қайта бағыттау механизмдеріне қатысты практикада заңнаманы қолданудың практикалық жолдарын ұсынады.

Сонымен бірге, құжатта құқықтық қорғаныс жүйесі босқындарды негізгі қорғау қағидаларын сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздік саласында мемлекеттердің негізделген мәселелерін шешу үшін қандай пайдасы тиетіні туралы ұсынымдар бар.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ШЕКАРАЛАРЫНДА БОСҚЫНДАР МЕН БАСПАНА ІЗДЕП ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАҒЫТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ҰСЫНЫМДАР

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе.....	3
2. Ұсынымдардың мақсаты мен сипаты.....	4
3. Анықтамалар.....	5
4. Жұмыстың құқықтық деректері мен негізгі қағидалары.....	8
5. Мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адамдарды анықтау және айқындау әдістері.....	9
6. Көмек көрсету және қорғау жөніндегі арнайы мекемелерге жіберу.....	11
7. Баспана іздеп жүрген адамдарды анықтау және қайта бағыттау үдерісіне тартылған негізгі тараптардың рөлдері.....	15
8. Анықтау және қайта бағыттау механизмдері арқылы ұлттық қауіпсіздік жүйелеріне қолдау көрсету.....	17
9. Жүзеге асырудың негізгі ұсынымдары.....	19
10. Қосымшалар тізімі.....	20

1. КІРІСПЕ

Алматы үдерісіне қатысушы мемлекеттер 2011 жылғы Алматы декларациясы сияқты көптеген қарарлар мен бастамалар аясында жеке мемлекеттердің ұлттық заңнамасына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес баспана іздеп жүрген адамдар мен босқындардың құқықтарын сақтау қағидасына сүйенетіндігін білдіреді. Өзірлеу жұмыстарына қатысқан мемлекеттер, яғни, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Түрікменстан (бұдан әрі «қатысушы мемлекеттер») 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияға және 1967 жылғы оның Хаттамасына қосылды.

Орталық Азия – көп жылдар бойы баспана ұсыну дәстүрін қолдайтын, адамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне елеулі үлес қосатын аймақ. Қатысушы мемлекеттер босқындар мен баспана іздеп жүрген адамдардың сақталуы тиіс құқықтарын мойындайды және сәйкесінше, әр мемлекеттің өзінің көші-қон заңнамасын қолдану құқығына зиян келтірмей, халықаралық стандарттарға сәйкес осы құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігіне кепілдік беру міндеттемесін мойындайды.

Босқындарды қорғаумен байланысты қауіп-қатер тарих бойы, Орталық Азия мемлекеттері қолданатын жауапты шара сияқты қалыптасты. Қазіргі жағдай бүкіл аймақ бойы көші-қон ағымдарының аралас сипатымен байланысты міндеттерді реттеуді көздейді.

Қатысушы мемлекеттер әр мемлекетте баспана беру мәселесіне жауап беретін уәкілетті органдарды тұлғаларды анықтау және қайта бағыттау кезінде олардың қолданатын шараларын аймақтық деңгейде жетілдіру мен үйлестіру үдерісіне бастама жасады.

Сонымен бірге, қатысушы мемлекеттерде шешілуі тиіс ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты мәселелерге қатысты негізді қауіп бар. Олар шекаралық және көші-қонды бақылауға, сондай-ақ, ұлттық қауіпсіздікпен байланысты басқа мәселелерге қатысты.

Баспана іздеп жүрген адамдар мен босқындар болып, жағдайларға және/немесе жеке тарихи оқиғаға байланысты сол адамдарды немесе бір топ адамдарды анықтау тиімді қорғанысты қамтамасыз етудің алғашқы қадамы болып табылады. Мұндай адамдарды анықтағаннан кейін оларды қорғау және оларға көмек көрсету рәсімдерін қолдануға болады.

Осындай жағдайда баспана іздеп жүрген адамдардың жеке мағлұматтарын анықтау механизмдері жеке тәртіппен, отбасы құрамында немесе үлкен топ құрамында мемлекеттік шекараны өту ниетінен қарамастан қорғану шараларына уақытылы көмек көрсетуге және ұйымдастырылған рұқсат беруге ықпал етеді.

Әр қатысушы мемлекеттің нақты міндеттемелеріне тәуелді болмай, осы «Орталық Азия шекараларында босқындарды және баспана іздеп жүрген адамдарды анықтау мен қайта бағыттау мәселелері жөнінде аймақтық ұсынымдар» (бұдан әрі «Ұсынымдар» немесе «Құжат») Орталық Азия шекараларында баспана іздеп жүрген адамдарды алдын ала анықтау мен қайта бағыттау тиімді үдерістерін жүзеге асыру жөнінде қатысушы мемлекеттердің ағымдағы күш-жігерін қолдауға арналған құрал болып табылады.

2. ҰСЫНЫМДАРДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ СИПАТЫ

Әр қатысушы мемлекет тиісті құзырет берген және тағайындаған сарапшылар осы Ұсынымдарды әзірледі.

Ұсынымдар мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адамдарды алдын ала анықтап жіберу механизмдерін әзірлеу мен жүзеге асыру мәселелері жөнінде

нормативтік және саяси қызметпен айналысатын адамдар үшін практикалық нұсқаулық болып табылады.

Ұсынымдарда қамтылған мазмұн мен қағидалар адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық және босқындардың халықаралық құқығы аясындағы қатысушы мемлекеттердің құқықтарына, міндеттемелеріне немесе жауапкершілігіне әсер етпейді.

Құжатта халықаралық қорғауға мұқтаж адамдардың қатысушы мемлекеттердің анықтауы, сондай-ақ, әр құзыреттегі нақты қорғаныс шаралары бар мемлекеттік шекарада анықтау үдерісінің байланысы туралы нақты ұсынымдар ұсынылған.

Сонымен бірге, Ұсынымдарда босқындарды қорғаудың негізгі қағидаларын сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздік саласында қатысушы мемлекеттердің заңды мүддесін қамтамасыз ету үшін қорғаныс жүйелерінің деректерін тиімді қолдану жөнінде жалпы нұсқаулар берілген.

Құжат осы салада тікелей немесе жанама құзыреті бар тиісті ұлттық мемлекеттің құрылымдардың рәсімдерін жүзеге асыру үшін бағыт-бағдар береді. Әр қатысушы мемлекетке осы Ұсынымдардың ережелерін тиімді сақтау мен орындау мақсатында ұлттық және аймақтық деңгейде қызметті үйлестіруге қажетті шараларды жүзеге асыру керек.

Сонымен бірге, Құжатта келтірілген ұсынымдар баспана іздеп жүрген адамдардың мүддесіне қатысты барлық контексттерде қолданылуы мүмкін. Бұл баспана іздеп жүрген адамдар өз бетінше немесе үлкен топ құрамында мемлекеттік шекараны өту талпынысын жасау жағдайларын қамтиды.

Баспана іздеп жүрген адамдардың қорғаныс жүйесінің үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін ұсынымдардың деректері адамдардың немесе азаматтығы жоқ адамдардың сауда құрбандары істері сияқты халықаралық қорғанысқа мұқтаж басқа адамдардың істері жөнінде тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында ұлттық және/немесе аймақтық деңгейде қорғаныс жүйелерімен және басқа әдістемелік нұсқаулықтармен бірге қолданылуы немесе келісілуі маңызды.

3. АНЫҚТАМАЛАР

Босқын – нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылмайтын елде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып

орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам;

Уақытша қорғау – жөнелтуден дереу қорғануды және ең аз қарау стандарттарын қамтамасыз ететін баспана іздеп жүрген адамдардың үлкен ауқымды қозғалысына жауап беру шарасы.

Гендерлік зорлық-зомбылық – бұл әйелге бағытталған немесе әйелге қатысты зорлық-зомбылық.

Босқын мәртебесін топтық анықтау – адамдардың жаппай көшіп-қонуына және олардың мемлекеттік шекараға келуіне себепкер болған адамдардың шыққан мемлекетіндегі объективті жағдайларға байланысты мемлекеттің босқын мәртебесін мойындауы.

Ата-анасымен ілеспей келген балалар – ата-анасы немесе басқа заңды өкілі ілеспей жүрген кәмелетке толмаған адамдар.

Баспана іздеп жүрген адам – халықаралық қорғауға жеке немесе бір топ адам құрамында жүгінетін адам, оның өтініш хаты бойынша өтініш хат берген мемлекетте ақырғы шешім қабылданбаған.

Халықаралық қорғауға мұқтаж адамдар – баспана іздеп жүрген адамдар, сондай-ақ, адам саудасының құрбандары, азаматтығы жоқ адамдар және адам құқықтары саласында халықаралық немесе аймақтық құқықтық құралдар аясында халықаралық қорғауды мойындау қажеттілігі бар адамдар.

Халықаралық қорғау – өз азаматтарын қорғағысы келмейтін немесе қорғай алмайтын мемлекеттердің адамдарына көмек көрсету. Адамдар құқықтарының өрескел бұзылуынан зардап шегіп, басқа мемлекетте қауіпсіздікті іздеуге мәжбүрлі.

Босқындардың халықаралық қорғауы – мойындалған халықаралық стандарттарға сәйкес олардың құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын сақтау кепілдігін қамтамасыз ету үшін баспана іздеп жүрген адамдардың немесе босқындардың атынан БҰҰ БЖКБ-ның және мемлекеттердің әрекеті. Бұл әрекеттер олардың құқықтары мен қауіпсіздігін, жөнелтпеу қағидасын сақтау кепілдігін, босқын мәртебесін анықтаудың әділетті рәсімдерін жүзеге асыру, адами қатынас стандарттарын және ұзақ мерзімді шешімдерді жүзеге асыруды қамтиды.

Зорлық-зомбылық – салдары дене зақымы, өлім, психологиялық жарақат, дамуындағы ауытқулар немесе түрлі зардаптар болатын, өзіне, басқа адамға, бір топ

адамға немесе қауымға қарсы бағытталған қауіп түрінде немесе шынайы физикалық күш немесе билікті әдейі қолдану.

Ұлттық жіберу механизмдері – баспана іздеп жүрген адамдардың және үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың қорғауға мұқтаж басқа адамдарға халықаралық қорғауды ұсыну жөнінде өзара әрекеттердің рәсімдері, сондай-ақ, осы адам категорияларға қатысты ұлттық заңнамаға сәйкес шешімдерді қабылдау.

Баспананы немесе босқын мәртебесін ұсыну туралы жүгіну – адамның шыққан мемлекетіне немесе бұрынғы тұрғылықты жеріне оралу жағдайында оның құқықтарының өрескел бұзылуымен және оның келген мемлекеттің қорғауға мұқтаждықпен байланысты қауіп туралы баспана іздеп жүрген адамның кез келген ауызша немесе жазбаша өтініші.

Босқын мәртебесін анықтау – ұлттық және халықаралық нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес адамның босқын болып мойындалуын анықтау үшін мемлекеттің және/немесе БҰҰ БЖКБ өткізетін рәсімі.

Жөнелтпеу қағидасы – босқынның нәсілдік, белгілі этникалық немесе әлеуметтік топқа, саяси наным-сенімдеріне және діни сеніміне байланысты қудалау қаупі бар, осындай қудалау қаупі бар мемлекетке мәжбүрлі оралуынан бас тартуы, сондай-ақ, шыққан еліне оралу қаупі бар адамдарға мемлекеттік шекара арқылы өту кедергісінен бас тарту.

Айырылған балалар – олардың ата-анасы немесе заңды қамқоршысы болып есептелмейтін адамдармен бірге ілесіп келген кәмелетке толмаған балалар.

Аралас көші-қон – босқындар, баспана іздеп жүрген адамдар, адам саудасы құрбандары, ілеспей келген балалар мен айырылған балалар, экономикалық мигранттар мен басқа категориядағы балалар мемлекеттік шекара арқылы өтетін, оның ішінде, қорғаудың түрлі қажеттілігі болуы мүмкін белгіленбеген тәртіп бойынша, көшіп-қонулар.

Баспана – мемлекеттің өз аумағында қудалаулан немесе адам құқықтарының өрескел бұзылуы қаупіне ұшырайтын басқа мемлекеттің адамдарына қорғауды ұсыну. Баспана түрлі элементтерді қамтиды, оның ішінде, баспананы ұсынатын мемлекет аумағында болу рұқсаты мен адами қатынас стандарттары.

Баспана іздеп жүрген адамдардың шұғыл түрде жаппай келуі – босқын деп мойындауды өтінетін адамдарды жеке тәртіппен қабылдау қиындатылған немесе мүмкін болмайтын мемлекеттік шекараға немесе аумаққа шетелдік азаматтардың/немесе азаматтығы жоқ адамдардың кең ауқымда келуімен байланысты төтенше жағдай.

4. ҚҰҚЫҚТЫҚ ДЕРЕКТЕР МЕН ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Халықаралық қорғауға мұқтаж адамдарды анықтау мен қайта бағыттау мәртебені анықтаудың ресми рәсімінен бұрын болатын үдеріс және қажеттілікті анықтауға және аралас көшіп-қонулар аясында түрлі адамдар категориялары мен жеке деректері арасында ажыратуларды өткізуге бағытталған. Халықаралық қорғау мұқтаждығы бар адамдардың негізгі категорияларына баспана іздеп жүрген адамдар, адам саудасы немесе зорлық-зомбылық құрбандары кіреді. Олардың ішінде, ерекше қажеттілігі бар адамдар, мысалы, қауіп-қатер тобынан шыққан әйелдер, ілеспей келген балалар немесе айырылған балалар, психикалық немесе физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдар, сондай-ақ, гендерлік зорлық-зомбылық құрбандары болуы мүмкін.

Халықаралық қорғанысты ұсыну туралы ережелер халықаралық құқық жүйесі аясында бірнеше деректерде бекітілген, қатысушы мемлекеттер олардың қатысушысы немесе қол қоюшысы:

- Босқындардың мәртебесі туралы 1951 жылғы конвенция және оның 1967 жылғы Хаттамасы;
- Қинау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер түрлеріне қарсы конвенция;
- Бала құқықтары туралы конвенция;
- Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;
- Трансұлттық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы БҰҰ конвенциясы және оның Хаттамалары.

Жоғарыда аталған халықаралық-құқықтық құралдардан бөлек, барлық қатысушы мемлекеттерде шекаралық және көші-қонды бақылау мәселелері мен босқынның мәртебесін анықтау рәсімдері бойынша ұлттық заңнама қолданылады. Ұлттық заңнаманың барлық осы элементтері босқындарды және баспана іздеп жүрген адамдарды әр құзырет шегінде тиімді қорғау құралдарын қарастырады.

Ұлттық және халықаралық құқықтық деректерге сәйкес, төмендегілер мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адамдарды анықтау және қайта бағыттау механизмдерін анықтайтын негізгі қағидалар болып табылады:

- Аумаққа кіру қағидасы;
- Мемлекет аумағына заңсыз кіргені және оның аумағында болу қағидасы;
- Жөнелтпеу қағидасы;

- Баспананы ұсыну рәсімдеріне кіру қағидасы;
- Теңдік пен кемсітпеушілік қағидасы;
- Кәмелетке толмаған адамдарды ерекше қорғау қағидасы және баланың мүддесін ең жақсы қамтамасыз ету қағидасы;
- Жеке ақпаратты құпия ұстау және қорғау қағидасы;
- Қайта құрбан болуға жол бермеу қағидасы.

5. МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАДА БАСПАНА ІЗДЕП ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕРІ

Баспана іздеп жүрген адамдарды, сондай-ақ, халықаралық қорғауға мұқтаж басқа адамдарды анықтау мемлекеттік шекараны өтіп жатқан адаммен уәкілетті лауазымды тұлғаның алғашқы кездесуінен басталады. **Анықтау және қайта бағыттау рәсімдерінің негізгі элементтері мыналарды қамтиды:**

- Мемлекеттік шекарада адамның ақпаратты ұсынуы;
- Ақпарат жинау;
- Кеңес беру;
- Баспана іздеп жүрген адамдарды тиісті уәкілетті органдарға немесе тиісті рәсімдерді өту үшін жіберу.

5.1 Халықаралық қорғауға мұқтаждығы бар-жоқтығын анықтау үшін әңгімелесу

Осындай қорғауға мұқтаж адамды алын ала анықтағаннан кейін халықаралық қорғау мен баспананың қажеттілігінің бар-жоқтығын анықтау мақсатында жеке әңгімелесу өткізіледі (осы Ұсынымдардың 1-қосымшасында ұсынылған сұрақтарға сәйкес («Халықаралық қорғауға мұқтаж адамдарды анықтау үшін сұрақтардың үлгілері»))

5.2 Әңгімелесуді өткізу ұсынымдары

Әңгімелесер алдында алғашқы анықтау кезінде мыналарды істеу керек:

- Әңгімелесуден өтетін адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда, алғашқы көмек көрсету (медициналық және психологиялық көмек, азық-түлікпен қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық керек-жарақтар ұсыну және басқа да көмек түрлері).
- Егер әңгімелесуден өтетін адам қойылған сұрақтарды түсінбесе немесе тиісті түрде түрде жауап бере алмаса, аудармашы ұсыну. Мұндай жағдайда, әңгімелесу аудармашының қатысуы қамтамасыз етілмегенше өткізілмейді. Осыған дейін адамға тиісті жерде қажетті көмек пен қорғауды ұсыну керек.
- Жеке ақпарат пен құпиялылықты қамтамасыз ете отырып, жеке тәртіппен әңгімелесуді өткізу үшін тиісті кеңістікті қамтамасыз ету.

- Әңгімелесуді өткізетін уәкілетті лауазымды адам белгіленген рәсімдерді өткізу мен анықтау және қайта бағыттау үдерістері үшін өзiр болғаны жөн.

5.3 Әңгімелесу өткізілетін адамға ақпарат ұсыну

Әңгімелесуді өткізетін уәкілетті лауазымды тұлға:

- Әңгімелесу өткізілетін адамға өзін таныстырып, қойылатын сұрақтардың мақсатын түсіндіруі;
- Оның жеке жағдайына қатысты әңгімелесу өткізілетін адамда туындайтын кез келген түсініспеушілік немесе сұрақтары бойынша түсініктеме беруі керек.

Сонымен бірге, баспана беру жүйесі туралы ақпарат барлық келушілер көретін жерде барлық шекара және көші-қон бақылау бөлімшелерінде қолжетімді болуы тиіс. Мұндай ақпарат әр елде баспана іздеп жүрген бір топ адамдар сөйлейтін тілдерде болуы қажет. Ақпараттық материалдарда баспананы ұсыну рәсімдерінің сипаттамасын ұсынып, босқындар/баспана ұсыну мәселелері жөнінде жұмыс істейтін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың байланыс мағлұматтарын, сондай-ақ, БҰҰ БЖКБ байланыс мағлұматтарын ұсынуы тиіс.

5.4 Баспана іздеп жүрген адамның жеке деректерін анықтау

Қорғауды ұсыну туралы өтініш хатты беру қалауы немесе ниеті адамның қандай да бір түрінде берілуі тиіс емес. «Баспана» немесе «босқын мәртебесі» сөздерін пайдалану міндетті емес; адамның оралған кезде болуы мүмкін қаупі анықтаушы элемент болып табылады, бұл өз кезегінде шыққан мемлекетінен кеткенше оның тәжірибесімен байланысты.

Түрлі сөздерді пайдалана отырып, адамдар халықаралық қорғау қажеттілігін білдіре алады, мысалы:

- Олар қудалауға ұшыраған немесе қудалаудан қорқады (нәсілдік, діни, ұлттық, саяси наным-сенімдері, нақты әлеуметтік топқа қатыстылығы бойынша); немесе
- Олар қудалауға ұшыраудан қорқады немесе әскери ұлтаралық қақтығыс салдарынан өліп қалудан қорқады; немесе
- Олар «БҰҰ-мен» кездескісі келеді (яғни, БҰҰ БЖКБ-мен); немесе
- Олар отанына оралудан қорқады.

Адам халықаралық қорғау қажеттілігін кез келген түрде хабарлаған сәттен бастап, шекара қызметі немесе көші-қонның басқа қызметтерінің уәкілетті лауазымды тұлғалары мұндай адамды баспана іздеп жүрген адам деп есептеп, оған қатысты

жөнелтпеу қағидасын ұсынады. Бұл адам еліне оралмауы тиіс немесе шыққан мемлекетіне оралуға мәжбүрлеу жағдайында болмауды білдіреді.

Егер алдын ала анықтау барысында адам баспана іздеп жүрген адам болмағандығы анықталса, онда оған қатысты қатысушы мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес шешім қабылданады.

5.5 Ерекше қажеттілігі бар адамдармен әңгімелесу

Халықаралық қорғауға мұқтаж кейбір адамдарда тиісті қатынаста болу стандарттары мен арнайы жіберу механизмдерін қамтамасыз ете отырып, әңгімелесу барысында назарға алынуы тиіс ерекше қажеттіліктер болуы мүмкін:

- Егер адам кәмелетке толмаса, әсіресе, жанында ілесіп жүрген адам болмаса немесе заңды өкілдерінен айырылған адам болса;
- Егер адамның қасында ілесіп жүрген адам болмаса және оның психикалық немесе дене мүшесінің мүмкіндіктері шектеулі болса;
- Егер адамның денсаулығымен проблемалары болса (сусыздану, тамаққа жарымау, өте әлсіз болу, жарақат алу, сынық және т.б.);
- Егер адам көңілсіз болса немесе есеңгіреп қалса, бағыт-бағдары бұзылуын, қорқыныш, үрей сезінсе, жыласа;
- Егер адам белгілер көрсетсе немесе қай елде екенін білмейтіндігін айтса;
- Егер адам ілесіп жүрген адамның бақылауында болу күмәні болса, оның ішінде, тілдесу үшінші адамдар арқылы өрбісе;
- Егер адам осал күйде болса немесе онымен тілдік кедергі салдарынан еркін сөйлесу мүмкін болмаса.

Адамнан ақпаратты сұратар алдында оның медициналық сипаттағы және бірінші кезектегі көмекке қажетті басқа мұқтаждығын қамтамасыз ету керек. Егер адамға шұғыл медициналық көмек қажет болса, оған алғашқы медициналық көмек көрсету немесе оны тиісті медициналық мекемеге жіберу бірінші кезектегі міндет болып табылады. Шұғыл қажеттілігі қанағаттандырылғаннан кейін анықтау үдерісі бойынша жұмысты жалғастыруға болады.

Алдын ала анықтайтын уәкілетті лауазымды тұлға баспана іздеп жүрген адам жеке жіберу механизмдерін қарастыру қажет болатын халықаралық қорғауға мұқтаж адамдардың басқа категорияларына да енуі мүмкін екендігін назарда ұстауы керек.

6. КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕ АРНАЙЫ МЕКЕМЕЛЕРГЕ ЖІБЕРУ

Егер адам мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адам ретінде анықталса, уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері мемлекеттік шекарада босқын

мәртебесін ұсыну туралы өтініш беруге жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Шекара қызметі мен басқа көші-қон қызметінің бөлімшелерінде баспана ұсыну рәсімдеріне жүгіну мүмкіндігі тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға баспана ұсынудың ұлттық рәсімдеріне сәйкес, сондай-ақ, жөнелтпеу қағидасын сақтау мақсатында алдын ала халықаралық қорғауға мұқтаж адамдарды тиімді жіберу үшін өте маңызды зор.

Сонымен бірге, мемлекеттік шекарада баспана ұсыну туралы өтінішпен жүгіну мүмкіндігі адамға тұлғалық мәртебесін (баспана іздеп жүрген адам) алуға кепілдік береді. Бұл жөнелтуге жол бермей, баспана іздеп жүрген адамдар үшін мемлекетте әрекет ететін гуманитарлық көмек көрсету бағдарламаларына кіруге кепілдік береді.

Босқын мәртебесін жіберуге өтініш берушілер босқын мәртебесін анықтауға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органға жіберіледі. Сонымен бірге, адамға мемлекетте және/немесе оның әріптестік ұйымдары болған жағдайда, БҰҰ БЖКБ бар екендігі туралы хабарландырылуы тиіс.

Ерекше қажеттілігі бар адамдарды басым тәртіппен жіберу керек.

6.1 Ерекше қажеттілігі бар адамдардың категориялары

Ілеспей келген балалар немесе айырылған балалар

Егер баспана іздеп жүрген ада мата-анасы ілеспей келген немесе ата-анасынан айырылған бала болса, балаларды қорғауға, алғашқы қажеттілігін қанағаттандыратын, лайық баспана беру, тиісті рәсімді өткізу кезінде қамқорлық жөнінде уақытша шаралар қолдануды қамтитын, оларға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органға жіберуі керек. Осы көмелетке толмаған баланың халықаралық қорғауына мұқтаж екендігін уәкілетті мемлекеттік құрылым ескертіліп, осы адамның босқын мәртебесін анықтауға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органда тиісті рәсімдерді өтуі керек.

Жаман қарау немесе зорлық-зомбылық қаупіндегі ата-ананың немесе басқа заңды өкілдердің бірге ілесіп жүретін көмелетке толмаған адамдар мемлекеттің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес балаларды қорғауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органға жіберіледі.

Адам саудасының құрбандары

Баспана іздеп жүрген адам адамдардың сауда қылмысының құрбаны болғандығында күмән орнаса, мұндай адам адамдардың сауда құрбандарын қорғауға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органға жіберіледі. Мұндай жағдайларда, қорғанудың ең басты міндеті адам саудасын ескерту болып табылады.

Адамдардың саудасы құрбандарын қорғауға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік орган ұлттық механизм аясында халықаралық қорғауда адамның қажеттілігін қамтамасыз етеді және босқын мәртебесін анықтауға жауап беретін уәкілетті органға жібереді.

Ерекше қажеттілігі бар адамдардың басқа категориялары

Ерекше қажеттілігі бар адамдардың басқа категориялары егде жастағы адамдарды, психикалық немесе дене мүшесінің шектеулері бар адамдарды, зорлық-зомбылық немесе қанау құрбандарын, сондай-ақ, зорлық-зомбылық қаупіне немесе бастан өткерген әйелдерді қамтиды. Қосымша оларды ұлттық заңнамаға сәйкес қажетті көмек пен күтімді қамтамасыз ету үшін тиісті мекемеге жіберу керек.

6.2 Баспана іздеп жүрген адамдарды, босқындарды және халықаралық қорғауға мұқтаж басқа адамдарды қайта бағыттау механизмі жөнінде ұлттық анықтама нұсқаулығы

Мемлекеттік шекарада адамдарды қабылдайтын уәкілетті лауазымды тұлғаларды жіберудің тиімді жүзеге асыруы мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар «Баспана іздеп жүрген адамдарды, босқындарды және халықаралық қорғауға мұқтаж басқа адамдарды қайта бағыттау механизмі жөнінде ұлттық анықтама нұсқаулығы» (бұдан әрі – «Ұлттық анықтама нұсқаулығы») қосымша түрінде қолжетімді болуын және анықтау рәсімі аясында алдын ала сөйлесуде қолданылатын форманың кері жағына бекітілуін бақылауы керек. Қайта бағыттау механизмі жөнінде ұлттық анықтама нұсқаулығы жеке жағдайларына немесе анықталған осал факторларына сәйкес баспана іздеп жүрген адамдарды және босқындарды жіберетін шекара қызметі немесе басқа көші-қон бақылау қызметіне тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың байланыс ақпаратының анықтамасы болып табылады. Анықтамалық ақпаратқа қосымша мәлімет ретінде Ұлттық анықтама нұсқаулығында шекара қызметі басқармасының немесе көші-қон бақылаудың басқа қызметтерінің уәкілетті лауазымды тұлғалары үшін оны пайдалану жөнінде қысқа әрі анық нұсқамалар сипатталуы тиіс.

Ұлттық анықтама нұсқаулықта келесі ақпарат болуы керек:

- **Босқын мәртебесін** анықтау үшін жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органның аты, көрсетілетін қызметтің жалпы сипаттамасы, құрылымдық бөлімшенің аты, жұмыстың байланыс телефоны, мекен-жайы және уақыты. Кезекші қызмет болған жағдайда, оның байланыс телефонын көрсету керек.
- Баланы қорғауға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органның аты, көрсетілетін қызметтің жалпы сипаттамасы, құрылымдық бөлімшенің аты,

жұмыстың байланыс телефоны, мекен-жайы және уақыты. Кезекші қызмет болған жағдайда, оның байланыс телефонын көрсету керек.

- **Адам саудасы құрбандарын қорғауға** жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органның аты, көрсетілетін қызметтің жалпы сипаттамасы, құрылымдық бөлімшенің аты, жұмыстың байланыс телефоны, мекен-жайы және уақыты. Кезекші қызмет болған жағдайда, оның байланыс телефонын көрсету керек.

- **Босқындарға және баспана іздеп жүрген адамдарға көмек көрсету және қолдау көрсету бағдарламаларын** (оның ішінде, алғашқы қабылдау, орналастыру және баспана беру) **жүзеге асыруға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың** атаулары, көрсетілетін қызметтің жалпы сипаттамасы, құрылымдық бөлімшенің аты, жұмыстың байланыс телефоны, мекен-жайы және уақыты. Кезекші қызмет болған жағдайда, оның байланыс телефонын көрсету керек.

- **БҰҰ БЖКБ-нің** мемлекеттегі өкілдігі туралы ақпарат, көрсетілетін қызметтің жалпы сипаттамасы, құрылымдық бөлімшенің аты, жұмыстың байланыс телефоны, мекен-жайы және уақыты. Кезекші қызмет болған жағдайда, оның байланыс телефонын көрсету керек.

Мемлекет қажет болған жағдайда Ұлттық анықтама нұсқаулығындағы ақпаратты жаңартуға жауап беретін уәкілетті органды анықтауы керек.

6.3 Анықтау және қайта бағыттау механизмдерінің сызбасы



6.4 Баспана іздеп жүрген адамдардың шұғыл түрде жаппай келуі жағдайында қайта бағыттау механизмінің әрекеті

Баспана іздеп жүрген адамдардың шұғыл түрде жаппай келуі жағдайында ұлттық билік мемлекеттік шекарада төтенше жағдайларда ұлттық іс-қимыл жоспарларын ұстануы керек. Осы іс-қимыл жоспарларында халықаралық қорғауға мұқтаж адамдардың шұғыл түрде келу жағдайына жауап беру операцияларына қатысатын түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың рөлдері мен міндеттері нақты айқындалған. Жеке адамдардың келуі жағдайы сияқты аумаққа кіруге рұқсат беру мен жөнелтпеу қағидасын сақтау қабылдайтын мемлекеттің ең маңызды міндеттері болып табылады. Көшетін адамдар кезігетін қауіпті азайтумен бірге, қайта келген адамдарды қабылдайтын және орналастыратын мемлекетке және қауымдарға осындай ағымның әсерін азайту үшін негізгі гуманитарлық көмекті ұсыну қажет.

Баспана іздеп жүрген адамдардың шұғыл түрде жаппай келуі жағдайында құқықтық қорғаудың екі тәсілі ұсынылған:

- «Мәртебені топтық анықтау». Босқынның топтық мәртебесін анықтаған кезде адамға қауіпсіздікті, жөнелтуден қорғауды және адами қатынасқа мұқтаж адамдарға осы қатынасты қамтамасыз етуді ескеру қажет.
- «Уақытша қорғаныс және келу». Уақытша қорғаныс пен келуді ұсынған кезде қажетті/шұғыл көмек көрсетуді ескеріп, жөнелтуден қорғауды және негізгі адам құқықтарына сәйкес адами қатынастың ең аз стандарттарын қолдануды ескеру керек.

Жоғарыда айтылғандар негізінде шұғыл түрде жаппай келу жағдайында мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адамдардың қажеттілігін қамтамасыз ету кешенді тәсілді қажет етеді. Мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың міндеттерін, сондай-ақ, баспана іздеп жүрген адамдардың жаппай келуімен туындаған төтенше жағдайларда ұлттық іс-қимыл жоспарлары аясында олардың өзара әрекеті мен үйлесуі аясындағы сызбасын нақты бөліп бекіту керек.

7. БАСПАНА ІЗДЕП ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАҒЫТТАУ ҮДЕРІСІНЕ ТАРТЫЛҒАН НЕГІЗГІ ТАРАПТАРДЫҢ РӨЛДЕРІ

7.1 Шекара қызметінің және басқа көші-қонды бақылау қызметінің лауазымды тұлғаларының рөлі

Қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес шекара қызметі мен басқа көші-қон бақылау қызметтерінің

қызметкерлері келесі іс-әрекеттер арқылы баспана іздеп жүрген барлық адамдарға барынша қорғау мен көмек көрсетуі керек:

- Қорғауды қажет ететін адамдарды уақытылы анықтау;
- Адамдардың түрлі категориясындағы ерекше қажеттілікті тексеру және анықтау;
- Нақты адам үшін түсінікті тілде ұлттық заңнамаға сәйкес тиісті рәсім туралы ақпарат ұсыну;
- Тиісті нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келесі іс-әрекеттер үшін уәкілетті мемлекеттік органға жіберу;
- Кіру негізі болмаған жағдайда, мемлекеттік шекараны өту бекетінде босқын мәртебесін ұсыну туралы өтініш хат рәсімдеу.

7.2 Баспана ұсыну мәселелеріне жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органдардың рөлі

Халықаралық міндеттемелерге және ұлттық заңнамаға сәйкес баспана ұсыну мәселелеріне жауап беретін уәкілетті органдардың рөлі алдын ала баспана іздеп жүрген адам босқын мәртебесін белгілеу тәртібі, сондай-ақ, бастапқы қабылдау кезінде осындай адамдарға рұқсат етілген қызметтер мен көмектің бар-жоқтығы туралы толық ақпарат алуынан тұрады. Сонымен бірге, осындай органдардың міндеті нақты босқын болып табылатын адамға босқын мәртебесін анықтаудың ұлттық рәсімін өткізу және ұлттық заңнамаға сәйкес мерзімде баспана іздеп жүрген адамға баспана ұсыну болып табылады. Уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттің аумағында оның құқықтары мен міндеттері туралы босқынға ақпарат ұсынады.

7.3 БҰҰ БЖКБ рөлі

Біріккен Ұлттар Ұйымы Босқындар істері жөніндегі БҰҰ Жоғарғы комиссары басқармасына (БҰҰ БЖКБ) босқындарды қорғаудың дүниежүзілік ауқымында қамтамасыз ету және босқын мәселесін шешу жөнінде халықаралық іс-қимылдарды өткізу мен үйлестіруді тапсырды. Атап айтқанда, ол мемлекеттердің үкіметтеріне босқындарды қорғау саласында, сондай-ақ, адам құқықтарын қорғау саласында ұлттық заңнамаға және халықаралық стандарттарға сәйкес ұлттық жүйелерді құруда өзіне халықаралық міндеттемелерді орындауға қолдау көрсетеді. БҰҰ БЖКБ жөнелтуден қорғау мақсатында, сондай-ақ, шыққан еліне ерікті түрде оралуы арқылы немесе баспана ұсынылған мемлекетте немесе үшінші мемлекетте орнығу арқылы олардың душар болған жағдай үшін ұзақ мерзімді шешімді табу мүмкіндігін ұсыну үшін босқын мәртебесін анықтау мен баспана ұсынудың әділ әрі шынайы рәсімдеріне босқындарды енгізуді қамтамасыз етуге ұмтылады. 1951 жылғы Босқындардың мәртебесі туралы конвенцияға сәйкес (35-бап) мемлекеттер БҰҰ БЖКБ-мен 1951 жылғы Конвенция ережелерінің қолданылуын бақылау жөнінде

міндеттерін орындауға ынтымақтасуға міндеттеледі. Сонымен бірге, БҰҰ БЖКБ азаматтығы жоқтықты анықтауға, болдырмауға және қысқартуға, сондай-ақ, азаматтығы жоқ адамдарды қорғауға құзыретті.

БҰҰ БЖКБ 1951 жылғы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер үшін міндетті халықаралық стандарттарға сәйкес олардың жүйелерін келтіру мақсатында баспана ұсынудың ұлттық жүйелерін одан әрі дамыту мен жақсарту ісінде қатысушы мемлекеттерге техникалық және құқықтық қолдау көрсетуді жалғастырады. Баспана ұсынудың ұлттық жүйелері мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адамдарды анықтау және қайта бағыттау механизмдерінің бар-жоқтығын білдіреді. Сонымен бірге, БҰҰ БЖКБ қолдауы мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адамдардың жаппай келу жағдайын қамтитын қатысушы мемлекеттерде ағымдағы және болашақ жобалар аясында қаржылық нысанын қабылдауы мүмкін.

8. АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАҒЫТТАУ МЕХАНИЗМДЕРІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Баспана іздеп жүрген адамдар мен босқындарды қорғау, сондай-ақ, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету өзара әрекет етуші жүйелер болып табылады, олар бірлесе отырып қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына және дамуына, сондай-ақ, адам құқықтары мен бостандығын сақтауға маңызды үлесін қосуда.

8.1 Қорғауға қажет етпейтін адамдардан босқын мәртебесін алу

Босқындардың халықаралық құқық жүйесі қорғауды қажетсінетін адамдар босқын деп мойындалуға лайықты болатындай әзірленген. Егер босқын мәртебесін анықтауға жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органда 1951 жылғы Конвенцияның 1F бабында көрсетілген тізімде жасалған қылмыстарда өтініш берушіні күдіктенудің негіздері бар. Конвенцияның ережелері өтініш беруші осы Конвенцияның 1A бабында айтылған өлшемдерге жауап берсе де, мұндай адамға қолданылмайды.

8.2 Заңға бағыну міндеті

Босқындар мен баспана іздеп жүрген адамдар осы мемлекеттің аумағындағы басқа адамдармен бірге міндеттерді атқарып, жауап береді, сондай-ақ, олардың құқықтық мәртебесі туралы шешімді қабылдауға қажетті өзі туралы шынайы мәліметтерді хабарлауға міндетті.

8.3 Жөнелтпеу қағидасы

Қатысушы мемлекеттер келесі мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіптен

басқа жағдайда олардың аумағындағы заңды тұрған босқындарды жөнелтпейді:

- 1) босқын мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін негіздер болғанда;
- 2) босқынға қатысты баспана беретін мемлекетте ауыр қылмыс жасағаны үшін үкімнің заңдық күшіне енген кезде және мұндай адам осы мемлекеттің қоғамы үшін қауіп төндірген кезде.

Мемлекетте адам құқықтары саласында басқа міндеттемелер, оның ішінде, зорлық-зомбылыққа ұшырайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын мемлекетке адамды қайтарудан қорғау міндеттемелері сақталады.

8.4 Баспананың азаматтық және гуманитарлық сипаты

Ұлттық қауіпсіздік мүддесін қамтамасыз ету, сондай-ақ, баспананы ұсыну жүйесінің тұтастығы мен азаматтық сипатын қамтамасыз ету үшін қарулы адамдарды немесе соғыс іс-қимылдарына қатысушыларды босқындардан ажырату үшін қатаң бақылау қажет.

Осыған байланысты баспананың азаматтық және гуманитарлық сипатын қамтамасыз етуге бағытталған өз әрекеттерінде мемлекеттер келесі қағидаларға сүйенуі тиіс:

- Баспанаға құқықты сақтау, сондай-ақ, жөнелтпрудің негізгі қағидасын сақтау.
- Мұқият тексеру арқылы, мүмкіндігінше мемлекеттік шекараны өтетін жерде немесе жаңа келгендерді алғаш қабылдау/транзиттен өткізу жерінде қарулы элементтерді дереу анықтау және қарусыздандыру қажеттілігі.
- Қаруды толық алғаннан кейін жеке қарулы элементтерді босқындардан ажырату керек. Қарулы элементтердің енуіне жол бермес үшін босқындардың лагерьлерінде және қоныстарында тиісті қауіпсіздік шараларын қолданып, заңдылық пен тәртіпті бекіту керек.
- Қарулы адамдарды және соғыс іс-қимылдарына қатысушыларды босқындардан бөлгеннен кейін оларды қауіпсіз жерде оқшаулау керек.
- Қарулы адамдарды және соғыс іс-қимылдарына қатысушыларды уәкілетті мемлекеттік органдар осы адам шынайы және әрдайым қарулы қақтығыстарға қатысудан бас тартқандығын анықтағанша оларды баспана іздеп жүрген адамдар ретінде қарастырмауы керек. Осы жағдай анықталғаннан кейін жалпы мәртебені анықтау рәсімі аясында жеке негізде босқын мәртебесінанықтау үшін арнайы рәсімді ұйымдастыруы керек. Халықаралық қорғауға лайықты емес адамдар тарапынан баспананы ұсыну жүйесін теріс пайдалануға жол бермес үшін келесі фактілерге назар аудару керек а) бейбітшілікке қарсы қылмыс, әскери қылмыс ұқсас қылмыстарға

қатысты шараларды қабылдау мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы әрекеттерге берілген анықтамада адамзатқа қарсы қылмыс жасау; b) адамдарға баспана берген мемлекеттен тыс жерде және босқын ретінде осы мемлекетке кіргенге дейін саяси емес сипатта ауыр қылмыс жасауы; с) Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келетін іс-қимылдар жасау.

Қабылдайтын мемлекеттер босқын мәртебесін жеке тәртіппен анықтау жағдайлары үшін немесе мемлекеттік шекарада баспана іздеп жүрген адамдардың жаппай келу жағдайлары үшін босқын ретінде халықаралық қорғауға лайықты емес адамдарды алып тастау жөнінде практикалық нұсқаулықтар әзірлеуі керек.

8.5 Қатысушы мемлекеттер арасында баспана іздеп жүрген адамдар туралы деректермен алмасу

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен баспана ұсыну жүйесіне қиянат жасауға жол бермеу үшін мемлекеттер тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар арасында нақты адамдар туралы ақпаратпен алмасу құралын пайдалана алады.

Мемлекеттер арасында деректермен алмасу олардың арасында жасалған келісім түрлеріне байланысты, бірақ мұндай келісімдер деректерді қорғаудың қағидалары мен стандарттарына сәйкес келуі керек. Қосымша ретінде, халықаралық босқындардың құқығына және адам құқықтары саласында халықаралық құқыққа сәйкес деректерді алмастыруға рұқсат берілетіндігіне тиісті назар аудару қажет. Заңнамаға сәйкес деректердің кез келген сауалы немесе ақпаратпен алмасу нақтыланып жекешеленуі тиіс, сондай-ақ, нақты істі қарайтын сұрау жасайтын уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан осындай ақпараттың қажеттілігін дәл негіздеу керек.

Сонымен бірге, мемлекеттер баспана іздеп жүрген адам туралы ақпарат осы адам шыққан мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылмауы тиіс, себебі, мұндай ақпаратты ұсыну өтініш берушіні одан әрі қудалауға түрткі болады. Баспана беру өтініштегі ақпарат баспана іздеп жүрген адамның келісімінсіз басқа тарапқа ұсынылмауы тиіс. Бұл шыққан мемлекетте оның немесе оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

9. ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ НҮСҚАУЛАР

Аталған Нұсқауларды қатысушы-мемлекеттер тиімді жүзеге асыру үшін мыналар ұсынылады:

- Мемлекеттік құрылымдарды үйлестіру мен өзара әрекеттестікті ескере

отырып, қайта бағыттаудың ұлттық механизмін жасап шығару.

- Қайта бағыттаудың ұлттық механизмі туралы, қайта бағыттау механизмі және ақпараттық кампания бойынша, кадр әлеуетін арттыру мақсатында мамандарды оқыту. Осы Нұсқауларды жүзеге асыру мақсатында Ұлттық заңнамаға сәйкес, БҰҰ БЖКБ-ның өкілдіктерімен аймақтарда және сәйкес мемлекеттік құрылымдармен ведомстволық келісімдерге отыруға жәрдемдесу (мысалы, ынтымақтастық туралы келісім, өзара түсіністік туралы меморандумдар және т.б.).
- Әрбір мемлекетке әртүрлі саланың басымдық тәртібіне сәйкес, осы Нұсқаулықты жүзеге асыруға бағытталған нақты жобаларды жасап шығару және жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыру.

10. ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ

1 қосымша: Халықаралық қорғанысқа мұқтаж тұлғаларды анықтауға арналған сұрақтардың үлгілері.

2 қосымша: «Баспана іздеу, босқындар мен басқа да халықаралық қорғанысқа мұқтаж тұлғаларды қайта бағыттау механизмі бойынша ұлттық анықтамалық нұсқаулық» үлгісі.

1 ҚОСЫМША

Халықаралық қорғанысқа мұқтаж тұлғаларды анықтауға арналған сұрақтардың үлгілері

1. Өзіңіздің шыққан және тұрған еліңізді қашан тастап кеттіңіз?
2. Сапарыңыз қайдан басталды?
3. Сапар бастаған мезеттен Сіз қандай орындарда немесе елдерде болғаныңызды көрсетіңіз:

Ел	Мекендеу ұзақтығы	Қатынас көліктері	Түсініктеме

4. Сіз қазір қай елде тұрғаныңызды білесіз бе? Сіз елге қашан және қай жерден кірдіңіз? (жарамды болса)
5. Сіз өзіңіз шыққан еліңізді не себепті тастап кеттіңіз?¹
 - Зиян келтіру қауіпінен қашу/ зиян келтіру қауіпі*
 - Қудалау*
 - Менің этникалық қатыстылығым салдарынан қудалау*
 - Менің өмірім, бостандығым немесе жеке қол сұқпаушылығымға қатер төнуі*
 - Таңдалмаушылық зорлық-зомбылық*
 - Тұрмыстық зорлық-зомбылық*
 - Қаруланған жанжал*
 - Қоғамдық тәртіптің тұрақсыздануы*
 - Кемсітушілік *
 - Жұмысқа орналасу болашағы немесе үшінші тұлғаның ұсынысы +
 - Алдау +
 - баратын елге байланысты, үшінші тұлғаның уәдесі +
 - Білім алу мүмкіндігі
 - Жұмыс және өмір сүрудің жақсы жағдайларын іздеу
 - Отбасына немесе достарына келіп-кету
 - Отбасымен қайта қосылу
 - Неке
 - Дүлей апат немесе климаттық жағдай
 - Басқа себептер (көрсетіңіз):

1

*(жұлдызша) белгісі, аталған тұлға босқын немесе бассауға іздеп жүрген адам болуы мүмкін екендігін көрсетеді, яғни сәйкесінше оған қатысты ұлттық процесске сәйкес қайта бағыттау механизмін қолдану қажет. Сонымен қатар бұл адамға БҰҰ БЖКБ-ның бар екендігі туралы ақпарат беру керек.

+ (қосу) белгісі аталған тұлға адам саудасымен айналысудың құрбаны болуы мүмкін, яғни сәйкесінше оған қатысты қорғаныстың ұлттық механизмін қолдану қажет екендігін көрсетеді.

6. Өз еліңізден біреулердің тарапынан көрсетілген қысым немесе қандай да басқа жағдайға байланысты кеттіңізбе?

Ия ()*; жоқ ()

7. Өзіңіздің шыққан немесе тұрған еліңізді қалай тастап кеттіңіз?

- Меншікті қаражат есебінен
- Өзге адамның көмегімен +
- Мен біреуге ақшасын төледім +
- Мәжбүрлі түрде (ұрлау, мәжбүрлеу, басқа адамға сату нәтижесінде +*)
- Басқа себеппен (көрсетіңіз):

8. Сізбен байланысқан, көмектескен, қайта жіберген немесе баспана ұсынған адам тарапынан қорқытуға, қатыгездікке, бопсалаушылыққа, психологиялық немесе жыныстық күш көрсетуге ұшырадыңыз ба?

Ия ()+; Жоқ ()

9. Сапар басында Сізде қандай да бір құжаттар болды ма? Егер, Сіздің құжаттарыңызды қандай да бір адам немесе мемлекеттік орган алып алса немесе өзінде ұстап отырса, ондай жағдай туралы дәлірек көрсетіңіз.

10. Сапар барысында осы ел Сіздің сапарыңыздың соңғы бекеті болды ма?

Ия (); Жоқ ()

11. Егер жоқ болса, онда қандай ел Сіздің сапарыңыздың соңғы бекеті болып табылады және не үшін екенін көрсетіңіз:

12. Шыққан еліңізге оралуды қалайсызба?

Ия (); Жоқ ()

13. Отаныңызға қайтып оралған жағдайда Сіз қандай да бір проблемалар көріп тұрсыз ба?

Ия ()*; Жоқ ()

14. Шыққан еліңізге қайтып келген жағдайда, Сіздің ойыңызша не болуы мүмкін?

- Тұтқынға алу*
- Қылмыстық қудалау
- Күш көрсету* +
- Жыныстық күш көрсету немесе гендерлік күш көрсету * +
- Репрессияға ұшырау қорқынышы +
- Қудалау*
- Кемсіту*
- Өзгесі (көрсетіңіз):

2 ҚОСЫМША

«Баспана іздеу, босқындар мен басқа да халықаралық қорғауға мұқтаж тұлғаларды қайта бағыттау механизмі бойынша ұлттық анықтама нұсқаулығы» үлгісі

Форма

Босқын мәртебесін анықтауға жауапты құзыретті мемлекеттік органның байланыс ақпараты:

Органның аты	
Көрсетілетін қызметтердің жалпы сипаттамасы	
Құрылымдық бөлімше	
Байланыс телефоны	
Мекен-жай	
Жұмыс уақыты	
Кезекші қызметтің байланыс телефоны (болған жағдайда)	

Балаларды қорғауға жауапты құзыретті мемлекеттік органның байланыс ақпараты:

Органның аты	
Көрсетілетін қызметтердің жалпы сипаттамасы	
Құрылымдық бөлімше	
Байланыс телефоны	
Мекен-жай	
Жұмыс уақыты	
Кезекші қызметтің байланыс телефоны (болған жағдайда)	

Адам саудасы құрбанын қорғауға жауапты құзыретті мемлекеттік органның байланыс ақпараты:

Органның аты	
Көрсетілетін қызметтердің жалпы сипаттамасы	
Құрылымдық бөлімше	
Байланыс телефоны	
Мекен-жай	
Жұмыс уақыты	
Кезекші қызметтің байланыс телефоны (болған жағдайда)	

Зорлық-зомбылық құрбанын немесе әлсіз тұлғаны (жағдайға байланысты) қорғауға жауапты құзыретті мемлекеттік органның байланыс ақпараты:

Органның аты	
Көрсетілетін қызметтердің жалпы сипаттамасы	
Құрылымдық бөлімше	
Байланыс телефоны	
Мекен-жай	
Жұмыс уақыты	
Кезекші қызметтің байланыс телефоны (болған жағдайда)	

Босқындарды және баспана іздеген адамдарды қолдау және көмек беру бағдарламаларын жүзеге асыру мен айналысатын мемлекеттік мекемелері немесе ұйымдардың байланыс тізімдері

Аты және мекен-жайы	Байланыс телефоны немесе электрондық пошта мекен-жайы	Көрсетілуі мүмкін көмектің қысқаша сипаттамасы

Елдегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар жөніндегі Жоғарғы комиссар Басқармасының- БҰҰ БЖКБ байланыс ақпараты (жағдайға байланысты):

Мекеменің аты	
Көрсетілетін қызметтердің жалпы сипаттамасы	
Байланысушы адамның аты-жөні	
Байланыс телефоны	
Мекен-жайы	
Жұмыс уақыты ²	

²Кезекші қызметкер болған жағдайда, оның да байланыс телефонын көрсету қажет.

БҰҰ БЖКБ
қолдауымен
жарияланды



Орталық Азия бойынша
БҰҰ БЖКБ аймақтық Өкілдігі
Төле би к-ші 67, Алматы қ., 050000
Тел: +7(727) 258 45 98
www.unhcr.kz
kazal@unhcr.kz

